

ҒТАХР 14.31.09

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ПӘНДЕРІН ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТА ОҚИТУ

*А.Ж. Есназар, А. Жапбаров*

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан  
asel.esnazar@mail.ru, azhapbarov@mail.ru

Мақалада пәнаралық және интеграция ұғымына түсінік бере отырып, олардың тиімді жақтары қарастырылды. Пәндерді интеграциялауда 4-сыныптың төрт пәнінің тақырыптары қарастырылды. Ортақ тақырыптар негізінде материалдың өзара байланысы, бір-біріне тигізетін ықпалы, ортақ белгілері арқылы бір-бірімен сабақтасуы анықталды. Бұл мақаланы зерттеу барысында бастауыш білім берудің оқу бағдарламасы қаралып, әр пәннің тақырыптық жоспар мазмұны, оқу мақсаттары және тапсырмалары жан-жақты талданды. Педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу, сонымен қатар пәндер арасындағы байланыстарды ашуға мүмкіндік беретін салыстыру, жинақтау әдістері пайдаланылды.

**Түйін сөздер:** бастауыш сынып, сабақ, пәнаралық байланыс, интеграция, ортақ тақырып, оқу мақсаты.

Бүгінгі күнгі ғылыми танымдық сипатта болатын пәнаралық қатынас білім мазмұнында жиірек көріне бастады. Осыған орай білім мазмұнын интеграциялау және реттеу мәселесінің шешімін табу алға тартылды. Пәндерді интеграциялаудағы басты қағидат - игерген білімдерін тәжірибеде қолдана алуға ұмтылу болып табылады. Интеграция – үздіксіз байланыстылықты, бірыңғайлықты, бүтіндікті құрудағы үдеріс және оның нәтижесі. Оқытуда ол бір синтезделген курста (тақырыпта, бағдарламаның бөлімінде) бірнеше оқу пәндерінің элементтерін қосу жолымен, әр түрлі пәндердің ғылыми түсініктерін және әдістерін танымдық әдістеріне біріктіру, пәнаралық оқытуда ғылым негіздерін кешендендіру арқылы іске асырылады.

Үйлестіру – бұл туыстас пәндер бойынша оқулық бағдарламаларды, оқып-үйренетін түсініктердің, құбылыстардың, үдерістердің және оларды оқып-үйрену міндеті мен пәндердің өзара байланысы, тар мәндегі пәнаралық байланыс, жеке білімді интеграциялауға да жағдай жасайды [1;17].

Интеграция – білім беру үдерісін құрастырудың басты қағидаларының бірі, білім беру үдерісін жетілдірудің тәсілі, әлемді біртұтас тануды қамтамасыз етудің құралы, әртүрлі ғылымдарды біріктіру мен білімді жүйелеу мен жинақтауда дидактикалық жүйе дамуын жүзеге асыратын ұғым. Интеграция тек пәндік білімдер қарым-қатынасы ғана емес, сонымен қатар оқыту технологиялары, әдістемелері мен формасы туралы да мәлімет береді [2;80].

"Integratio" әдіснамалық потенциалын қолданғандардың біріншісі математиктер болды. Уақыт өте келе "интеграция" термині басқа ғылыми салаларда қолданыла бастады [3;73].

Жоао Матос, Ана Педро, Жоао Пьедаде «Мектеп бағдарламасына сандық технологияларды интеграциялау» мақаласында: «Интеграция латынша «integrare» сөзінен шыққан, бұл «бүтін» санның айналуын білдіреді. Бүтін сан in (теріс) tangere (жанасу) бірге жүреді, "жоқ" немесе "өзгермеген" ұғымын ұсынады. Сондықтан интеграция ұғымы қарама-қайшы: бір жағынан, ол трансформация идеяларымен, ал екінші жағынан, қатыру немесе сақтау идеяларымен байланысады» деген анықтама берді [4;9].

Энциклопедиялық сөздікте «интеграция» - «integratio» латын тілінен аударғанда «қайта құру», «толықтыру» деген ұғымды білдірсе, С.И.Ожегов сөздігінде: «интеграциялау» - бөліктерді бүтін шығатындай етіп біріктіру» деп түсіндіреді, ал социологиялық сөздікте «интеграция» - жүйе құрамына енетін әрбір элементтің өзімен тікелей байланыста болатын, сапалық түрлендірулерге және оның дамуына, жаңа бағыттарына тәуелділігін сипаттайтын табиғи процесс» деп анықтама береді. Осы анықтамаларға сүйенсек, интеграцияланған пәннің білім мазмұнын құру алдымен интеграцияланатын әр пәннің пәнаралық, пәнішілік байланыстарын біріктіру және одан шығатын нәтижелерді қарастыруға тура келеді [5;276].

Бұл пікірлерді талдай келе, байланыстар екі бағытта көрінеді:

- 1) пәнішілік және сыныпаралық байланыс;
- 2) пәнаралық байланыстылығы.

Бүгінгі заманның психологиялық-педагогикалық және әдістемелік зерттеулерінде пәнаралық байланыстардың мәселелері оның кешенді көп аспектілі сипатын көрсетіп отыр. Ол оқытудың жалпы мақсаттарымен анықталып, білімнің мазмұнын пәндік құрылымымен органикалық байланысты, одан мақсаттарды, әдістерде, оқытудың формалары мен құралдарында өзінің сипатын таба отырып шығарылады. Бұл мәселені толық көлемінде пәнаралық байланыстарды іске асырудың әдістерінің сипаттамасынсыз, олардың білімдік, дамытшылық және тәрбиелеу қызметтерін өзара байланыстарын ашпай көзімізге елестете алмаймыз. М.М.Левина пәнаралық байланыстарды педагогикалық зерттеулерде өзіндік кешенді бағыт ретінде қарастыру керек деп есептеді, себебі олар бұл мәселені тәрбиелеу, оқыту теориясы тұрғысынан қарастыра келіп, оның барлық негізі жалпы педагогикалық, дидактикалық, жеке әдістемелік және психикалық аспектілерінде дамып келе жатқан тұлғаға бүтіндей кешенді әсер ету тұрғысында түсіндіреді [6;137].

Пәнаралық байланысты ұйымдастыру арқылы білім беру жеке пәндер мазмұнының, мәтіннің бір-бірімен өзара байланысуын қамтамасыз ететіндей белгілі бір жүйелікті керек етеді. Өртүрлі оқыту пәндерінің арасындағы пәнаралық байланыс – бірыңғай жүйе мен бірыңғай дидактикалық мақсатқа негізделген оқыту пәндерінің келісілген өзара әрекеті ретінде анықталған.

Осыған орай біз зерттеу жұмысымызда пәнаралық байланыс мәселесін қозғадық. Пән мұғалімінің алдында тұрған міндет – әр пәннен алынған мәлімет арасындағы байланысты толық ашу, әр тақырыпты терең, шығармашыл сипатта меңгерту, пән бойынша идеялар мен түсініктерді ортақ сапа ретінде қолдану. Әр пәнді жеке оқыту (дискретті оқыту) маңызды болып табылатынына қарамастан, пәнаралық байланыс жаттығулары пәндерді анағұрлым сапалы зерделеуге мүмкіндік береді. Каррдың (2007) пайымдауынша, пәнаралық байланыс тәсілі білім өзара байланысты құбылыс деп санаған Джон Дьюидің еңбектеріне негізделеді. Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің араларындағы мәселелерді талқылап пікірталас жүргізеді (Hayes, 2010). Оқушылар бір пәннің аясында үйренген мәселелерін екінші пәнге пайдалана алады немесе бір пәннің негізінде басқа пәнді оқуды жақсартып алады. Білімдерді ықпалдастыру оқушы үшін оқу үдесірін анағұрлым байланысқан және маңызды етуге бағытталған. Бастауыш мектептің 1-2 сынып оқушылары жаттығуларды белгілі бір пәнге жатқызбайды, сондықтан пәнаралық байланыс тәсілі олардың оқу түрін анағұрлым нақты көрсетеді [7; 20].

Пәнаралық байланыстың психологиялық негізін Ю.А.Самарин «Ақыл-ой психологиясының очерктері» атты еңбегінде: «Ақыл-ой әрекетінің бұл деңгейінде оқушыларда арнайы іскерлік дағдылар қалыптасып, ақыл-ой әрекеті терең сипат алады, ол бір пәнде білімнің бір жақтылығымен шектеледі. Сонымен жүйеаралық және пәнаралық байланыстар адам ойының қалыптасуында ерекше рөл атқарады» деп түсіндіреді [8; 504].

"Пәнаралық" сөзі ұғым ретінде кем дегенде екі саланың бірігуін және оларды бір-біріне біріктіруді білдіреді. Пәнаралық байланыс – бұл тұжырымдаманы, тақырыпты немесе проблеманы зерттеу кезінде кем дегенде екі пән бойынша әдістер мен білімді пайдаланатын бағдарламалық тәсіл. Эриксон (1995) оны әртүрлі пәндерге жататын тұжырымдамалық интеграциясы ретінде анықтады. Стембер (1998) пәнаралық көзқарасты пәндер бойынша көп немесе аз интеграцияны немесе тіпті бірқатар өзгерістерді талап ететін бастамалар ретінде анықтады. «Пәнаралық көзқарастың сипаттамасында әр түрлі саладағы тақырыптар біріктіріліп, оқулықтардан өзгеше ресурстар пайдаланылады, жоспарлар қамқорлық жасайды, ал бағдарламалар икемді болып табылады», деп хабарлайды Лейк (1994). Пәнаралық байланыс білім алушыларға әртүрлі салада ақпарат жинауға көмектеседі, тұжырымдамалар арқылы талдау және синтездеу сияқты жоғары деңгейлі ойлауға бағыттайтын оқыту тәсілі. Ол білім алушылардың оқу ортасын жандандыруға, шығармашылығын пайдалануға, олардың сабаққа қызығушылығын оятуға мүмкіндігін береді. Нәтижесінде оқытудың мағыналы деңгейіне жетеді [9;36].

Пәнаралық байланыстың мақсаты қойылған тақырыпты жалпы ұғынуға және оны басқа пәндер тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік жасау болып табылады. Бұл тәсіл белгілі бір тұжырымдаманы, мәселені немесе тақырыпты негіздеуге, оны әр түрлі бұрыштарда көрсете алатын білім мен дағдыларды біріктіруге, олармен байланысты пәндерді алуға негізделген.

Пәнаралық байланыс пәннің айналасында оқытуды ұйымдастыру, концепция немесе мәселелер және ақпаратты өңдеу кезінде әртүрлі пәндерден тиімді интеграциялау болып табылады. Пәнаралық байланыс оларды оқшауламай, керісінше біріктіреді. Тиімді оқыту үшін олардың арасында байланыс болуы керек. Пәнаралық байланыстарға негізделген бағдарламалар бір пәндік тәсілге қарағанда көп ақпаратты қамтиды. Бірақ барлық мәселелер бойынша интеграцияны жасау мүмкін емес. Интеграция пәнаралық көзқараспен пәндер арасында деконструктивті және тиісті ақпарат болған жағдайда жүзеге асырылады. Пәндер арасындағы байланыс күшті және оңай түсінікті болуы керек.

Пән арасындағы байланыс, ең алдымен, жекелеген ғылым мен техниканың арасындағы, адамдардың практикалық іс-әрекетімен байланыстың объективті көрінісі арқылы ашылады. Пәндердің байланыс қажеттілігі оқытудың дидактикалық принциптерімен, бастауыш мектептің оқу міндеттерімен, оқытудың өмірмен арақатынасымен, білім алушылардың практикалық қызметке дайындығымен байланысты болады.

Мектепте оқытудағы кіріктіру және пәнаралық байланыстар бүгінгі күні ғылым мен қоғам өмірінде болып жатқан интеграциялық процестердің нақты көрінісі болып табылатынын атап өткен жөн. Пәндерді кіріктіру мен пәнаралық байланысты тиімді қолдану білім мазмұнын игеруге немесе бекітуге, уақыттың үнемделуіне мүмкіншілік тудырады [10;12]. Бұл байланыстар білім алушылардың практикалық және теориялық дайындығын арттыруда маңызды рөл атқарады, мұнда танымдық іс-әрекетінің жалпыланған сипатын меңгеру маңызды ерекшелігі болып табылады.

"Пәнаралық байланыстар – бұл курстың логикалық құрылымын, белгілерін, ұғымдарын ескере отырып, басқа пәндер сабақтарында ашылған көрінісі" немесе басқа: пәнаралық байланыстар табиғатта объективті әсер ететін және қазіргі заманғы ғылымдармен оқытылатын диалектикалық өзара пәндерінің байланыс мазмұнында көрініс береді. Осыған байланысты пәнаралық байланыстарды іске асыру бастауыш сынып білім алушыларының табиғи құбылыстар мен олардың арасындағы өзара байланыс туралы тұтас түсінігін қалыптастыруға ықпал етеді, яғни білім неғұрлым маңызды және қолданылатын болады. Өз кезегінде бұл білім алушыларға белгілі бір пәндерді оқу кезінде, басқа пәндерді оқу кезінде алған білімдері мен дағдыларын пайдалануға көмектеседі, сондай-ақ оларды нақты жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді. Көпжақты пәнаралық байланыс арқылы тек сапалы жаңа деңгейде білім алушыларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу мәселелері шешіліп қана қоймай, бастауыш сынып білім алушыларының әрі қарай өзін-өзі анықтау үшін іргетасы қаланады. Осы себепті пәнаралық байланыстар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуде кешенді тәсілдің маңызды шарты және нәтижесі болып табылады. Осы контексте пәнаралық байланыстарды оқу процесінде қазіргі ғылыми білімнің тән ерекшеліктерінің бірін құрайтын ғылым аралық байланыстардың көрінісі ретінде қарастыру керек [11;485].

Автор Клинтон Голдинг өзінің ғылыми еңбектерінде пәнаралық зерттеулерге, пәнаралық пәндерді енгізуге баса назар аударды. Пәнаралық пәндер осы пәнаралық білім беруде негізгі рөл атқарады, танымның көптеген және жиі қарама-қарсы тәсілдерін қалай түсінуге, бағдарлауға және қолдануға үйретеді. Бұл пәндерде білім алушылар әртүрлі пәндер, әдістер туралы білімдерін дамытады, сондай-ақ алға жылжу үшін әртүрлі көзқарастарды мақсатты, рефлексивті интеграциялауды және синтездеуді үйренеді. Яғни танымдық прогреске қол жеткізу үшін екі немесе одан да көп пәндерде немесе белгіленген білім салаларында білім мен әдістерді интеграциялау қабілеті ретінде пәнаралық түсінікті анықтаймыз. Егер білім алушылар осы пәнаралық қадамдар жасағысы келсе және интегративті құрылым құрғысы келсе, олар метапәндік дағдыларын, қатынастар мен түсініктерді меңгеруі тиіс. Бұл пәндерді оқытудың маңызы өте зор [12;2].

Мария Кристина Коста мен Антонио Домингос ғылыми білімнің бөлігі ретінде бастауыш мектепте пәнаралық байланысты қалай дамыту керектігін зерттеген. Пәнаралық байланыс біздің күнделікті өмірімізде кездеседі. Шын мәнінде, біз табиғатты түсіндіргенде немесе мәселелерді шешкенде, көбінесе математика, тарих, биология, физика, химия немесе басқа да пәндерден алған білімді қолданғанымызды байқамаймыз. Авторлар мақалада мұғалімдердің бірлескен білім беру бағдарламасы аясында ғылыми білім беруде пәнаралық қатынасты қалай дамытуға болатындығын қарастырған. Зерттеудегі басты мақсат - мұғалімдер бастауыш мектептің оқу жоспарына сәйкес келетін пәнаралық тапсырмаларды әзірлеу. Сонымен қатар, көптеген зерттеулерде бірнеше пәндер арасындағы пәнаралық байланысты, атап айтқанда STEAM интеграциясы бойынша ұсыныстар берген [13;132].

STEM интеграциясы әртүрлі деңгейде болуы мүмкін:

1. Пән: ұғымдар мен дағдылар әр пәнде жеке зерттеледі.
2. Пәнаралық: ұғымдар мен дағдылар әр пәнде жеке зерттеледі, бірақ ортақ тақырып аясында.
3. Пәнаралық: білім мен дағдыларды тереңдету мақсатында екі немесе одан көп пәндерден тығыз байланысты ұғымдар мен дағдылар зерттеледі.
4. Пәнаралық: екі немесе одан да көп пәндер бойынша алған білімі мен дағдылары нақты тапсырмалар мен жобаларға қолданылады, бұл оқу тәжірибесін қалыптастыруға көмектеседі [14; 2].

Сондай-ақ, С.Е. Қаңтарбай, Ж.А. Жүсіпова өз оқулықтарында пәнішілік және пәнаралық байланысқа негізделген әрекеттің ортақ тәсілдерін қалыптастыруда, яғни кез келген есеп, жаттығу, тапсырмаларды орындауға ортақ жолды қарастыруды көрсетті. Тәжірибеде кез келген әрекет, оның ішінде еңбек әрекетінің жалпы амалдық тәсілдерін қалыптастыру төмендегідей түрде жүзеге асырылады:

а) бастауыш сынып оқушыларында әрекеттің ортақ (сәйкестік) тәсілдерін пәнішілік байланыс арқылы қалыптастыру;

ә) бастауыш сынып оқушыларында әрекеттің ортақ тәсілдерін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыруды жүзеге асыру [15;169 ].

Біз пәнаралық байланыстарды жалпы педагогикалық тұрғыдан кешендік қатынастық оқытуға және тәрбиелеуге деген құралы ретінде қарастырамыз. Пәнаралық байланыстарды дидактикалық зерттеу оқыту үдерісінің бүтіндік идеялары, ішкі байланыстарды және оның әрбір деңгейіне қатысты тәуелділікті ең алдымен оқытудың барлық білім беру, тәрбиелеу және дамыту қызметін есепке алып, ішкі байланыстарды және тәуелділікті ашу негізінде мүмкін болады.

Бұл мәселені 4 сыныпта оқытылатын жаратылыстану, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, математика пәндерін интеграциялау жұмыстары арқылы жүргізіп зерттедік (Сурет 1).



Сурет 1. Пәндер сызбасы

Сабақтарды жүргізу кезінде ортақ тақырыптар арқылы пәнаралық байланысты жүзеге асырдық. Кестеде-1, келтірілген мысалдың бірінші қатарына тоқтала кетсек сабақ жүргізу барысында, Жаратылыстану пәнінен «Жануарларды қалай қорғауға болады» тақырыбы қарастырылып → Қазақ тілі пәнінен «Табиғат ғажайыптары. Буын үндестігі» → өткізілгеннен соң → Әдебиеттік оқу пәнінен «Туған жердің таулары» → Математика пәнінен «Кеңістіктік геометриялық фигуралар. Көлемді өлшеу» тақырыптары қарастырылды.

Біз осы өткізілетін сабақтарды интеграциялау сабақтарын пайдала отырып, 4 сыныптың төрт пәнін саралай келе мына тақырыптарды алдық (1-кесте).

Кесте 1. Ортақ тақырып арқылы пәнаралық байланысты ұйымдастыру

1.Жаратылыстану	2.Қазақ тілі	3. Әдебиеттік оқу	4. Математика
<b>«Менің Отаным – Қазақстан» ортақ тақырыбы</b>			
8-сабақ. Жануарларды қалай қорғауға болады, 42-бет	9-сабақ. Табиғат ғажайыптары. Буын үндестігі, 24-бет	Туған жердің таулары, 32-бет	Кеңістіктік геометриялық фигуралар. Көлемді өлшеу, 40-бет

**1. Жаратылыстану.** Жаратылыстану пәнінде «Жануарларды қалай қорғауға болады?» тақырыбын қозғаймыз. Сабақтың оқу мақсаты 4.2.2.9 Ұлттық саябақтар мен қорықтарды құрудың мақсатын түсіндіру [16].

8-сабақ. Мәтінді оқындар. Мәтінге ат қойындар.

*Сирек кездесетін және жойылу шегінде тұрған жануарлар еліміздің Қызыл кітабына тіркеліп, қорғауға алынғаны белгілі. Сонымен қатар азайып бара жатқан жануарлардың санын көбейту үшін табиғи ортасын сақтап, арнайы өсіреді. Осындай ерекше қорғауға алынған аумақты Қорық деп атайды. Елімізде 10 мемлекеттік қорық құрылған. Олар: Ақсу-Жабағылы, Алакөл, Алматы, Қаратау, Үстірт, Марқакөл, Наурызым, Қорғалжын, Батыс Алтай және Барсакелмес. Қорықтың мақсаты – саны азайып, жойылу қауіпі төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктерді қорғау. Мысалы, Қорғалжын қорығында әлемде сирек кездесетін қызғылт қоқиқаздар қорғауға алынса, Ақсу-Жабағылы қорығында Грейг өызғалдағы өсіріледі. Қорықтар мемлекеттің қарамағында және қорғауында болады.*

Сабақта мәтінді мәнерлеп оқытамыз. Ондағы термин сөздерді оқулықтың соңындағы сөздік арқылы ұғымын танысамыз [17;42-43]. Мысалы, қорық, ұлттық саябақ, қызыл кітап және т.б.

Мәтінді мазмұндау үшін жоспарлаймыз.

- «Қызыл кітап» дегенді қалай түсінеміз?
- Қорықтың анықтамасы қандай?
- Қорықтың құрылу мақсатын ата?
- Ұлттық саябақтардың құрылу мақсатын ата? – деген сұрақтар арқылы тақырыптық бөлімнің түсінік жүйесін түзеді. Мәселен, ол былай болуы мүмкін:

- Қызыл кітапта сирек кездесетін және жойылу шегінде тұрған жануарлар тіркелген.
- Сирек кездесетін немесе жойылу шегінде тұрған жануарлар мен өсімдіктерді арнайы өсіріп, санын көбейтетін, мемлекет тарапынан қорғалатын аймақты қорық деп атаймыз.
- Қорықтың мақсаты – саны азайып, жойылу қауіпі төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктерді қорғау.
- Ұлттық саябақтарды құрудағы басты мақсаты – табиғаты көркем аумақтарды сақтап қалу.

Білім алушыларға танымдық тапсырмалар ұсынылады:

**1-тапсырма.** Суретке қарап, Марқакөл қорығының табиғатын сипаттап, мәтін құрастыру (әдебиеттік оқумен пәнаралық байланыс).

**2-тапсырма.** Мәтіндегі буын үндестігіне сәйкес келетін сөздердің астын сыз (қазақ тілімен пәнаралық байланыс).

**3-тапсырма.** Қазір өз ойларындағы қорықтың моделін жасандар (математикамен пәнаралық байланыс).

Бұл тапсырмаларды басқа пәндермен байланыстыра жүргізу үшін әдеби кітаптардан, сыныптан тыс оқуға берілген көркем әдеби шығармалардан, газет және журналдардан мәтін іздеп табуға тапсырма беруге болады. Нәтижеде, білім алушылар мәтіндерді игеру арқылы білімін арттырады. Мәтіннің құрылымын игереді, мәтіндердің стилистикалық ерекшеліктерін игере бастайды. Бұл білімдерін пәнішілік байланыста кеңіте түсуге болады. Сондықтан, оқушылардың жаратылыстану саласы бойынша функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруда кіріктіру немесе пәнаралық байланыстың болуы маңызды. Өйткені адам, қоғам, табиғат туралы ұғымдар кіріктіріліп біртұтастықта берілуі керек [18;13].

**2. Қазақ тілі.** Зерттеу барысында келесі қазақ тілі пәніндегі 9-сабақ. Табиғат ғажайыптары. Буын үндестігі тақырыбына тоқталайық, тақырыптың оқу мақсаты 4.2.5.1 - дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтінбойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау [19;24-25].

**1-тапсырма.** Қазақстан қорықтары мәтінін оқы.

«Қазақстан қорықтары» мәтіндегі мәліметтерді пайдалана отырып, кестені толықтыр.

Кесте 2

Қорықтар	Аумағы	Жануарлары	Өсімдіктері	Құстары
Барсакелмес				
Марқакөл				
Алакөл				

Тапсырманың мақсаты: мәтіндегі деректерді пайдаланып, кестені толтырады және мәтіндегі қарамен берілген сөздердің буын үндестігіне сәйкес келе ме, себебін дәлелдейді.

Тапсырманы орындау нәтижесінде білім алушы:

- мәтіннің мазмұнын жете түсінеді;
- буын үндестігіне сәйкес келетін сөздерді іздеу нәтижесінде назары тұрақталады;
- таныс, таныс емес ақпараттарды ажырата алу дағдысын дамытады;
- дереккөздерден қажетті ақпаратты таба біледі.

**2-тапсырма.** Қорыққа кірмес бұрын мынадай экологиялық белгілер кездесті. Осы белгілер туралы не айта аласыңдар? Неге мұндай белгілер салынған?



**3-тапсырма.** Берілген бөліктерден сөздер құраңдар. Ал сөздерден сөйлем құрастырыңдар.

1.Ла, кер, ай 2.Ес, әу, қой 3. Бек, ең, қор

Мұндай тапсырмаларды орындау барысында жаратылыстану пәнінен алынған мәліметтер білім алушыларды қызықтырады. Қазақ тілі мен жаратылыстану пәндерінде пәнаралық байланыс байқалады. «Қорықтар аумағы» бөлігіне қажетті деректерді түрлі дереккөздерден (жаратылыстану пәнінен) тауып, мәтіндегі Барсакелмес, Марқакөл, Алакөл сияқты сөздер буын үндестігіне сәйкес келетінін және оның себебін дәлелдейді. Біріккен сөздер, қос сөздердің анықтамасын береді. Мәтін бойынша мынадай тілдік, логикалық жұмыстар жүргізіледі, ол стилистикалық ұғымдармен байланыстырылады. Мәселен, мәтінді оқып, талдау кезінде *қорық*, *кекілік*, *ителгі*, *бірқазан* сияқты сөздердің түсінігі жаратылыстану, дүниетану пәндерімен байланысты беріледі. Шығарманың мазмұны, мәні сонда ғана түсінікті болады. Мәтін талданып болған соң балалардан ондағы кейбір сөздердің мағынасы, қызметі сұралады, белгілі бір мәтіндегі буын үндестігіне сәйкес келетін сөздерді тауып, себебін дәлелдейді. Жалпы, осындай танымдық бағытта берілетін материалдар жаратылыстану пәндерінің мазмұнымен тікелей байланыста болғандықтан, білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіншілік береді.

Тұжырымдағанда, қазақ тілін пәнаралық байланыста оқыту мына мақсатта жүргізіледі:

- пәнаралық байланыстың білім беру міндеті бойынша;
- пәнаралық байланыста білім алушының танымдық қызметін кешенді түрде белсенді ету ретінде;

- білім алушылардың тілін дамыту мақсатында.

Пән мен пәнді байланыстыру білім алушылардың дүниетанымын тереңдете отырып, оқытудың тиімділігін арттыруға көмектесуі ғылыми педагогикалық дәлелдеме ретінде танылды. Пәнаралық байланыс білім алушының дүниетанымын молайтып, қазақ тілін басқа ғылым негіздерімен ұштастыра меңгеруіне жол ашады.

**3. Әдебиеттік оқу.** Бұл мәселені әдебиеттік оқу мен қазақ тілі пәнінің оқытудағы байланысы бойынша талдайық. Көркем әдебиет тіл арқылы жасалады. Білім алушы халық тілінің мол құнарын жете танып, одан рухани нәр алуына әдеби туындының тигізер көмегі көп. Мысалы:

«Қазақстан таулары» өлеңінде мына:

Асқаралы Алатау  
Құшағында – Алматы.

Жатыр ұлы даламыз  
Арқа сүйегі Алтайға!

Ұлытау – жер кіндігі  
Ұлт бірлігін сақтаған!

Әрбір тасы сыр шетіп,  
Аққайыңы ән салған!

Қазақ үшін қадірлі  
Қасиетті Қаратау!» [20;22-23].

– деген жолдарға назар салайық. Ойшыл ақын мұнда кез-келген таудың өзіндік тарихы, басынан өткен оқиғасы бар екенін меңзеп отыр. Өйткені әрбір сөздің түп төркінін, мән-мағынасын, бейнелі ойын, колданылар орнын терең түсінбейінше көркем шығарманың табиғатын тану мүмкін емес, демек әдебиет сабағын тіл пәнімен байланыстыра оқытудың үлкен мәні бар екендігі көрінеді.

Әдеби шығарманың, яғни көркем мәтіннің көркемдік өресін көрсететін құралдың бірі - оның тілі. Тіл арқылы білім алушы жазушының көркем ойын ұғынады, одан эстетикалық тәрбие алады. Сабақта өлеңді мәнерлеп оқытамыз. Өлең шумақтың ішінен буын үндестігіне сәйкес келетін сөздерді тауып, оның себебін анықтайды. Осыдан өздері біліп, үйренген білімін тәжірибеде пайдалануға жаттығады.

**1-тапсырма.** Тау сөзіне көркемдегіш сөздермен топтастыру құр және «тау» сөзін үш тілге аудар.

Қарлы	<b>Тау</b>	...
...		...
...		...

**2-тапсырма.** Өлеңде аталған тауларды картадан ізде .

Сонымен қатар, Нұрсұлтан Әлімқұловтың сөзіне жазылған Нұрғиса Тілендиевтің «Алатау» әнін тыңдатып, бес жолды өлең құрастыру тапсырылады. Осындай тапсырмаларды орындау барысында пәнаралық, пәнішілік байланыс орын алады. Тақырыпты меңгеруде қазақ тілі, дүниетану, жаратылыстану пәндерінен алған білімдерін ұсынылған тапсырмаларды шешуде қолдана алды.

Білім алушы әдебиеттік оқу пәнінің құрылымдық сипатының сабақтастық жүйесін және пәнаралық байланыстың жүйесін жақсы түсінсе, әдеби көркем шығармалардың идеялық мазмұны, ерекшеліктері туралы толық дерек алады. Және ондағы оқиғалар, ой-пікірлер, тарихи жағдайлардың өзара сабақтас, тәуелді екенін терең түсінеді.


«Тіл және әдебиет» саласында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін полилингвистикалық білім беру, коммуникативтік, тілдік, мәдени құзыреттіліктерді қалыптастыру, сауатты жазбаша және ауызша сөйлеуді дамыту және т.б. білімдерді кіріктіру қажет. Тілге қатысты функционалдық сауаттылық – тілдік ережелерді түсіну – тілдік нормаларды сақтау – іс-әрекет тәсілдерін меңгеру болады [18;10].

**4.Математика.** Келесі зерттеуімізді математика пәнінен «Кеңістіктік геометриялық фигуралар. Көлемді өлшеу» тақырыпқа тоқталамыз [21;40]. Ортақ тақырыпқа қатысты деректері бар есептер құрастырады, шешеді.

Адам табиғаттан ажыратылмайды. Математика сабағында дүниетанымдық тақырыптағы тапсырмаларды шешу білім алушылардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырады, ынталы, ізденімпаз адамдарды тәрбиелейді. Мысал келтірейік:

**1-тапсырма.** Сен туған өлкенің табиғатына байланысты аңыздарды білетін болсарсың. Мысалы, Бурабай туралы аңыз. Тау нені есіңе түсіреді? Қоршаған ортадан осы сияқты пішіндегі заттарды ата? (40бет, 1А тапсырма). Бұл тапсырманы орындауда білім алушылар әдебиеттік оқу пәнінен өткен «Қазақстан таулары» өлеңінде аталған тауларды суреттеп, орындайды.

**2-тапсырма.** Айналаңнан шамамен көлемі осындай заттарды табуға тырыс (41бет, 3А тапсырма).



Математика сабағында кеңістіктегі геометриялық фигуралармен танысу кезінде білім алушылар таулармен фигураларды салыстырады. Табиғатта геометриялық денелердің маңыздылығы өте үлкен және мысалдар жаратылыстанудан, дүниетану пәндерінен беріледі.

Жаратылыстану – ғылыми циклдің барлық пәндерін оқыту математикамен байланысты. Математика білім алушыларға күнделікті өмірде және адамның еңбек қызметінде қажетті, сондай-ақ аралас пәндерді (жаратылыстану, дүниетану, көркем еңбек және т.б.) үйрену үшін маңызды білім мен білік жүйесін береді.

Оқушылардың математикалық функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін материалдарды және есептеу құралдарын пайдаланып практикалық есептерді шешу барысында нақтылы объектілердің ұзындықтарын, аудандарын және көлемдерін есептеу, практикалық және танымдық проблемаларды шешу және т.б. білімдерді кіріктіру қажет [18;11].

Тәжірибе көрсеткендей, пәнаралық байланыстардан тыс оқушылардың дүниетану көзқарастары толық емес және жеткіліксіз негізде орнығады, себебі әлемнің бірігей, толық бейнесі және оның дамуының заңдылықтары толық деңгейде ашылмайды. Мазмұнның идеялық бағытталуын пәнаралық байланыстар тереңдетеді, ол танымдық қызметті де байытады, мектеп оқушыларының дүниетаным пікірлерін қалыптастыруға негіз жасайды.

Бұл жүйені пәнаралық байланысты қазақ тілі пәні арқылы, әсіресе оқушылардың тілін дамыта оқытуға пайдаланамыз. Атап айтқанда, оқушылардың сөйлеу әрекетінің дамуы ойлау, таным әрекеттерімен байланысты, сондықтан оқушылардың әр пәннен алған танымдық, білімдік материалдарын жүйелі түрде мәтін құрауға пайдаланады, яғни ауызша, жазбаша түрде іске асырады. Бұл оқушының тілін дамыта оқытуға алып келеді. Сондай-ақ баланың әр пән оқулығындағы мәтінді түсініп оқиды, есте сақтайды, келесі адамға айтады, жеткізеді. Бұл оқушының тілінің дамуына әсер етеді.

Пәнаралық байланысты іске асырудың ең тиімді әдістері болып сана-сезімдік қызмет, оқушылардың жұмысқа деген өзіндік дағдыларын дамыту болып саналады. Осы мақсатта арнайы түзілген тапсырмалар ұсынылды. Білім алушыларға пәнаралық тапсырмалар үлкен қызығушылықты туындатады.

Пәндер арасындағы байланысты орнату үшін 4 пәннің тақырыптарын топтастырып, әр пәнді әрқырынан карауға, оның барлық байланыстарын ашуға тырыстық.

Пәндерді, бөлімдерді, тақырыптарды кіріктіру, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру құралы – ортақ тақырыптар – жаңартылған бағдарламалардың бірден бір ерекшелігі болып табылады. Біз пәнаралық байланысты барынша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін "ортақ" тақырыптарды пайдаландық. Бұл бағыттың құндылығы спиральдік принципті, яғни біртіндеп оқу мақсаттарының күрделенуі. Айта кету керек, білім алушылардың ойлау дағдыларын қалыптастыруға негізделген оқыту мақсатына баса назар аударылған, сондықтан білім алушылардың санасында әлемнің тұтас бейнесін құру, сондай-ақ жеке тұлғаның даму жағдайларын қамтамасыз ету қажеттілігі анықталды. Білім алушылар бір пән аясымен шектелмей, оны өзге сабақтас пәндермен байланыстыра отырып, пәнді еркін меңгеруге мүмкіндік алды:

- Пәнаралық байланыс негізінде дүниетанымдық көзқарас қалыптасты;
- Жеке пәндерге тән ортақ қасиеттерді білді;
- Ақпарат көздерін іріктеу, қажетті материалдарды тауып, тиімді қолдану дағдылары қалыптасты.

#### **Пәнаралық байланыстың тиімділігі:**

- Білім алушылардың зияткерлік, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға және абстракттілі ойлау мен сөйлеудің дамуына ықпал етеді;
- Әр пәннен меңгерген білімін басқа пәндердің тапсырмаларын орындауға мүмкіндік береді;
- Тақырыптарды терең ізденуге мүмкіндік береді;

Білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, пәндерді байланыстыра оқытуды жүзеге асыру әр пәннің тақырыптық жоспар мазмұны мен құрылымын, оқу мақсаттарын, тапсырмаларын жан-жақты талдауды қажет етеді. Пәнаралық байланыстар оқытудың барлық қызметіне әр жақты көмектеседі: ғылыми білім жүйесіне, жалпыламаланған танымдық шеберлікке, кең түрдегі танымдық қызығушылыққа, білім алушылардың дүниетанымдық көзқарастарына оқытудың ұстанымы ретінде белгілі талаптар қоюға



міндеттейді. Пәнаралық түсініктерді бір жүйеге келтіру әрбір оқулық тақырыптары бойынша жалпылау кестелерін түзген жөн болады. Сондықтан қазіргі таңда білім беру жүйесі барлық пәндерді өзара байланыстыра, кіріктіре, сабақтастыра отырып оқыту мәселесі ғылым саласында сан қырынан зерттелуде. Зерттеу қорытындылары көрсеткендей, пәнаралық байланыстарды оқу үдерісінде қосу білім алушының оқу-танымдық қызметінің барлық құрамына сапалы өзінділіктік берді. Сондықтан білім алушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда пәнаралық байланыста оқыту нәтижелі болмақ. Зерттеудің нәтижелері төмендегідей ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді:

- ортақ тақырыптар арқылы пәнаралық байланысты жүзеге асыру;
- пәнаралық байланыста тәжірибелік жұмыстар жүргізу;
- бірнеше пән мазмұны бойынша пәнаралық тесттер жүргізу;
- пәнаралық байланыстарды табу дағдыларын қалыптастыру;
- пәнаралық байланыс жаттығуларын құрастыру.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жапбаров А. (2018) Қазақ тілін оқытудың жалпы әдістемесі: пәнаралық байланыста оқыту.
2. Байташева Г.У. (2018) Пәндерді интеграциялаудың кейбір мәселелері // Педагогика және психология. Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті. №4 (37). 80-87 б.
3. Лукин Ю.А. (2019) О сущности педагогической интеграции // Перспективы науки и образования. №2 (38). С.68-83.
4. Matos J., Pedro A., Piedade J. (2019) Integrating Digital Technology in the School Curriculum. International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). Vol.14, No. 21. P.4-15 <https://doi.org/10.3991/ijet.v14i21.10863>
5. Ожегов С.И. (1983) Словарь русского языка. Изд. 5-е. М.: Русский язык.
6. Левина М.М. (1973) Межпредметные связи как дидактической условие формирования у учащихся научных понятий и знаний о методах//Межпредметные связи в процессе преподавания основ наук в средней школе. Москва. С.51–60.
7. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (2015) Екінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
8. Самарин Ю.А. (1962) Очерки психологии ума. Особенности умственной деятельности школьников. М.: Изд-во АПН РСФСР. – 504 с.
9. Turnai Ö., Bolatii M. (2015) Eğitimde Disiplinlerarası Yaklaşımın Kullanıldığı Tezlerin Analizi. Ondokuz Mayıs University Journal of Faculty of Education. №34(1). P.35-55.
10. 12 жылдық бастауыш мектептің базалық білім мазмұнын анықтау әдістері (2013) Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Астана.
11. Feizuldayeva S., Ybyraimzhanov K., Mailybaeva G., Ishanov P., Beisenbaeva A., Feizuldayeva S. (2018) Vocational training of future elementary school teacher by means of realization of inter-subject continuity. Opción, Vol. 34, No.85-2. P. 479-516. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/23805/0>
12. Golding C. (2009) Integrating the disciplines: Successful interdisciplinary subjects. Centre for the Study of Higher Education The University of Melbourne.
13. Costa M.C., Domingos A. (2018) Promoting Interdisciplinarity in Primary School in the Framework of Science Education. Pedagogika / Pedagogy. Vol. 132, No. 4. P.130-146 <https://doi.org/10.15823/p.2018.132.8>
14. Leung A. (2020) Boundary crossing pedagogy in STEM education. International Journal of STEM Education 7, Article number:15. <https://doi.org/10.1186/s40594-020-00212-9>
15. Қаңтарбай С.Е., Жүсіпова Ж.А. (2011) Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі. ЖШС РПБК "Дәуір" - 272 б.
16. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы.
17. Биғазина П., Жаманкулова А., Кажекенова Э., Тураканова Г., Хонтай М. (2019) Жаратылыстану. «НЗМ» ДББҰ.
18. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда 12 жылдық білім беру мазмұнының кіріктірілуі мен сабақтастығы (2013) Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.
19. Жұмбабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г. Т. (2019) Қазақ тілі. Атамұра.
20. Мүфтибекова З., Рұсқылбекова Ә. (2019) Әдебиеттік оқу. Алматы: Алматы кітап.
21. Ақпаева Ә.Б., Лебедева, Мыңжасарова М.Ж. (2019) Математика. Алматы: Алматы кітап.

### Преподавание предметов начальных классов в междисциплинарной связи

*А.Ж. Есназар, А. Жапбаров*

Южно - Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан  
asel.esnazar@mail.ru, azhapbarov@mail.ru

В статье рассмотрена эффективность междисциплинарного подхода. При интеграции предметов были рассмотрены темы четырех предметов 4-го класса. На основе сквозных тем определены взаимосвязь материала, их влияние на друг друга, по общим признакам было установлено соединение тем между собой. В ходе исследования была рассмотрена учебная программа начального образования, подробно проанализированы содержание тематического плана каждого предмета, цели обучения и задачи. Использовались методы исследования педагогической и учебно-методической литературы, методы сравнения, обобщения, позволяющие раскрыть связи между предметами.

**Ключевые слова:** начальная школа, предмет, междисциплинарная связь, интеграция, сквозные темы, цель обучения.

### Teaching primary school subjects in interdisciplinary connection

*A.Zh. Yesnazar, A. Zhapbarov*

South - Kazakhstan state pedagogical university, Shymkent, Kazakhstan  
asel.esnazar@mail.ru , azhapbarov@mail.ru

The article considers the effectiveness of an interdisciplinary approach. When integrating the subjects, the topics of four 4th grade subjects were considered. On the basis of cross-cutting themes, the relationship of the material and their influence on each other were determined, and the connection of themes was established based on common features. The study examined the curriculum of primary education, analyzed in detail the content of the thematic plan of each subject, learning goals and objectives. Methods of research of pedagogical and educational-methodical literature, methods of comparison, generalization, allowing to reveal connections between subjects were used.

**Key words:** primary school, subject, interdisciplinary communication, integration, cross-cutting topics, learning objective.

Редакцияға 05.01.2020 түсті.